

**Мерзімдік әскери қызметіне 2009 жылдың сәуір-маусымында және  
қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті шақыру жүргізуді ұйымдастыру және  
қамтамасыз ету туралы**

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 23 сәуірдегі № 64 қаулысы. Қостанай облысы Қамысты ауданының Әділет басқармасында 2009 жылды 23 сәуірде № 9-11-88 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Жалпыға бірдей әскери міндептілік және әскери қызмет туралы" Заңының, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 01 сәуірдегі № 779 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткөрген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы", жарлығын орындауда Қамысты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан желтоқсанында азаматтарды мерзімдік әскери қызметке шақыруды қамтамасыз етуді жүргізуді ұйымдастырын.

2. "Қамысты орталық аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының бес дәрігері (келісім бойынша) аудандық әскерге шақыру комиссиясын дәрігер-мамандармен, сондай-ақ шақырылатын азаматтарды сапалы медициналық куәландау үшін қажетті құралдармен және мүлікпен толықтырысын, аудандық ауруханада кезектен тыс амбулаториялық және стационарлық тексерілу үшін жағдайлар жасасын.

3. Селолық округтер мен селолар әкімдері, кәсіпорындар мен мекемелер б а с ш ы л а р ы :

1) шақыруға жататын азаматтарды (демалыс) іс-сапардан, қайта шақырылсын және оларға хабарлап шақыру участогіне уақытында келуін ұйымдастырын.

2) мерзімдік әскери қызметті өтеу үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрлымдарына жіберілген, әскерге шақырылышыларды салтанатты шығарып салу жөнінде іс-шаралар ұйымдастырылсын.

4. "Қамысты ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) әскерге шақыру жүргізу және командаларды жөнелту кезінде:

1) мерзімдік әскери қызметке шақырудан жалтараған тұдғаларды іздестіру, ұстайды жүргісін, іздестіру, жеткізу және ұсташа жөніндегі шығыстарды төлеуді осы тұлғалардың есебінен жүргізсін.

2) жиналу пункітінде әскерге шақырылуышылар арасында қоғамдық тәртіпті қалпында сақтау үшін" Қостанай облысы Қамысты ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің әскерге шақыру пункітіне әскерге шақырылуышыларды жеткізу үшін автокөлік бөлу ұсынылсын.

5. Кәсіпорындар, ұйымдар басшыларына селолық округтер мен селолар әкімдерінің тапсырыстары бойынша "Қостанай облысы Қамысты ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің әскерге шақыру пункітіне әскерге шақырылуышыларды жеткізу үшін автокөлік бөлу ұсынылсын.

6. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне азаматтарды даярлау және әскерге шақыруды жүргізу үшін 1 адам санында техникалық қызметкер таңдал алынсын.

7. Әскерге шақыру участкесіне жұмыс істеу үшін жіберілген әскерге шақыру комиссиясы мүшелерінің, техникалық және басқа қызмет көрсетуші адамдардың осы міндеттерді орындаудың барлық уақытында осы лауазымды тұлғалар жіберілген ұйымдарда және кәсіпорындарда орташа еңбекақысы, жұмыс орны және алып отырган лауазымы сақталсын.

8. Тауарлар мен қызметтерді сатып алу Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңына сәйкес жүргізілсін.

9. "Қамысты ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі әскерге шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі іс- шараларды" бағдарламасы бойынша Қамысты ауданы әкімдігінің қаржыландыру жоспарында қарастырылған қаржат есебінен жүзеге асырсын. Қамысты ауданы әкімдігінің қаржыландыру жоспарында қарастырылған қаржат есебінен жүзеге асырсын.

10. "Қостанай облысы Қамысты ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім" мемлекеттік мекемесінің бастығы атқарылған жұмыстар туралы 2009 жылдың 25 маусымынан және 25 желтоқсанына Қамысты ауданы әкім аппаратын хабардар етсін.

11. Қамысты ауданы әкімдігінің 2008 жылы 7 сәуірдегі № 72 "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрамаларына 2008 жылдың сәуір-маусымында және қазан- желтоқсанында азаматтарды кезекті шақыру жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" қаулысының күші жойылды деп есептелсін (тіркеу нөмірі № 9-11-72 аудандық 2008 жылғы 9 мамырдағы № 21 "Новый путь- Бозторғай" газетінде жарияланған).

12. Осы қаулының орындалуын бақылау Қамысты ауданы әкімінің орынбасары Килибаева Алмата Амантаевичке жүктелсін.

13. Осы қаулы алғаш рет реңми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы сәуірден бастап қолданысқа таратылады.

Аудан әкімі

Б. Утеулин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК